

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

02.09.2024ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда және мектеп алды топтарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру.
3. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап, тәлімгерлерді бекіту.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова балабақша педагогикалық ұжымын 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстырды. 2024-2025 оқу жылына балабақша алдына мақсат, міндет алды. Алынған мақсат, міндетке сүйене отырып оқу-тәрбие үдерісін жоспарланғанын айтты. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктерімен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады. Қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшi қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау болып табылады. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарына жеке-жеке тоқталып өтті. Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттарды белгіленгенін, және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек ету керегін айтты. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естер шығармаған жөн екенін де айтты.

Балалардың жас кезеңдеріне тоқталып жеке –жеке айтып өтті. Жас кезеңдері мынадай:

- 1) Ортаңғы топ - 3 жастағы балалар
- 2) Ересек топ - 4 жастағы балалар
- 3) Мектепалды топ - 5 жастағы балалар.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова сөйледі. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды. Тәрбиелеу - білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға
- циклограммаға
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар жайлы айтты.

3. Балабақша әдіскері Б.Джуматова тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар туралы, көмекті қажет ететін жас мамандарға тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Жас педагог тәрбиешілердің жұмысқа кіру кезеңінде оның кәсіби дамуына байланысты қобалжушылық пен маңыздылық ерекшеленеді. Жас мамандарымыздың баламен жұмыс жасау барысында кездесіп жататын қиыншылықтары ата-анамен сауатты байланыс жасауы, баланың жеке-жеке қабілеттеріне мән беру. Өзінің жақсы қырынан көрсету, педагогтың этикетін ұстау, оқу қызметтеріне жаңаша көзқараспен, әдістер ендіру тәрбиешінің келешекте жоғары жетістіктерге жетуінің кепілі. Ал біз балабақшаға келген жас мамандарға кәсіби тұрғыдан қолдау көрсетіп, оң бағыт беруіміз керек. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін. Балабақшаның жаңа оқу жылына алынған мақсат-міндеттерге сай оқу процессі жоспарланып, жүргізілсін. Жауапты әдіскер Б.Джуматова. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективті жоспары бекітілсін.

Перспективалық жоспар 2024-2025 оқу жылына арналған оқу әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

3. Жас мамандар тізімі жасақталып, тәлімгерлер бекітілсін.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

30.12.2024ж

Қатысқаны: 22

**Тақырыбы: «Ойын технологиясы – мектепке дейінгі балалардың
шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы»**

Күн тәртібі

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жартыжылдық қорытындысы
3. Балабақшада ойын технологиясын қолданудың маңыздылығы
4. Тренинг «Логикалық ойындар»
5. Балалардың шығармашылығын қалай дамытуға болады?

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Балабақша директоры М.Овезова балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жартыжылдық қорытындысымен таныстырды. Жарты жылда жасалған жұмыстарына тоқталып, педагогтардың және балалардың жеткен жетістіктерін айтып шықты.
3. Мектепке дейінгі жас — ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы тиіс, бірақ, ойын-сауық емес. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет екенін айтты. Педагогикалық ойын технологиясы — педагогикалық процесті әртүрлі педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру. Бұл педагог қызметінің дәйегі бойынша: іріктеу, әзірлеу, ойындарды дайындау; балаларды ойын қызметіне қатыстыру; ойынды қорытындылау. Мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу мақсатында ойын технологиясының маңызды екенін түсіндірді.
4. Логикалық ойындар мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін қалыптастырады, балалардың қиялын, шығармашылық және интеллектуалдық қабілетін дамытуға, логикалық ойлауына, танымдық процесстерін дамытуға мүмкіндік беретіні туралы түсіндірді. Логикалық ойындарды қолдану мақсатымен таныстырды. Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойындар арқылы дамытылатындығын педагогтермен ойнау арқылы түсіндірді.
5. Балалық шақ — шығармашылық даму үшін ең қолайлы кезең. Балалардың шығармашылығын қалай дамытуға болатындығына, шығармашылық дамудың пайдасын айтып тоқталды. Балалардың шығармашылығы үшін әрі объективті

(әлеуметтік, материалдық), әрі субъективті-тұлғалық (білім, дағды, шығармашылық қабілет) жағдайлар жасалатынын түсіндірді

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жартыжылдық жұмысын қанағаттанарлық деп бағалансын
3. Мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу мақсатында ойын технологиясы қолданылсын
4. Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойындар арқылы дамытылсын
5. Балалардың шығармашылығы үшін әрі объективті (әлеуметтік, материалдық), әрі субъективті-тұлғалық (білім, дағды, шығармашылық қабілет) жағдайлар жасалсын. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылсын



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

05.02.2025ж

Қатысқаны: 22

**Тақырыбы: «Балаларды еңбекке тәрбиелеу жұмысының
формаларын жетілдіру»**

Күн тәртібі

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ашық оқу-қызметтеріне талдау жасау, қорытындылау
3. «Мектеп жасына дейінгі баланы еңбекке тәрбиелеу» мұғалімдерге арналған презентация-кеңес
4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында еңбек тәрбиесі бойынша жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейін талдау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Балабақша әдіскері Б.Джуматова 2025 ж. қаңтар айының 15-30 аралығында өткен ашық оқу-қызметтеріне талдау жасап, қорытындысымен таныстырды. Бекітілген кесте бойынша ұйымдастырылған ашық сабақтар тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жаңартылған білім мазмұнына сай өткізілді. Апталықта өткізілген сабақтардың ұйымдастырылуы мен формасы әр түрлі болды.
3. Екінші мәселе бойынша М.Овезова балабақшадағы еңбекке тәрбиелеу маңыздылығына тоқталды. Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы, байқампаздығы айналаны қоршаған өмірге қызығушылығы дамиды, адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттері қалыптасады. «Мектеп жасына дейінгі баланы еңбекке тәрбиелеу» педагогтерге арналған презентация-кеңес ұсынды.
4. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова сөз сөйледі. Бақылау нәтижелері бойынша аналитикалық есепті оқыды. Оқу іс-шараларына тікелей бару, жоспарларды талдау, еңбек тәрбиесіне арналған топ кабинеттерінің бұрыштарын тексеру.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Өткен ашық оқу-қызметтерінің қорытындысы «жақсы» деп бағалансын

4. Еңбек тәрбиесі бойынша ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылсын. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеу жұмысы жалғастырылсын



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№4 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

26.05.2025ж

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Күн тәртібі

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының қорытындысы
3. Педагогтарының жұмысының есебі
4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Балабақша директоры М.Овезова балабақшаның 2024-2025 оқу жылының қорытындысымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылында жұмыс жоспарына сәйкес жасалған жұмыстарына тоқталып, педагогтардың және балалардың жеткен жетістіктерін айтып шықты.

3. 8 топтың тәрбиешілері өз жұмыстарын қорытындылап, есебін берді.
4. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары жасақталып, талқылап қаралды.

Максаты: Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау; танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын
2. Педагогтарының жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын
3. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бекітіліп, орындалсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова